

## **«Ұлы даланың жеті қыры»**

**Ғылыми жобалар презентациясының тақырыбы:** «Ұлы даланың жеті қыры »

**Жобаның мақсаты:**

**Білімділік:** Оқушыларға Н.Ә. Назарбаевтың «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласы жайлы және мақалада аталған тарихымыз туралы түсіндіру;

**Дамытушылық:** Оқушылардың жүйелі ойлау қабілеттерін дамыту, өздігінен жұмыс істеуге баулу, шығармашылық қабілеттерін дамыту;

**Тәрбиелілік:** Ауызбіршілікке, мейірімділікке, ұқыптылыққа бір-біріне көмектесе білуге тәрбиелеу.

**Тәрбие сағатының көрнекілігі:** суреттер, бүктемелер, белсенді тақта, кеспе қағаздар, презентация.

«Ұлы даланың жеті қыры » **барысы:**

**Ұйымдастыру кезеңі.**

**Кіріспе сөз:**

**Мұғалім:** Бүгінгі сабағымызды Елбасымыздың 21 қараша күнігі мақаласымен бастаймын. «Ұлы даланың жеті қыры» атты тәрбие сағатын ұйымдастырылып отыр. Қазақ халқының тарихын, салт-дәстүрін, тілін, дінін еске алу мақсатында өткізіледі. Атқа міну, жылқыны қолға үйрету сынды дәстүрлер ең алғаш қазақ халқында пайда болған. Ту ұстаған салт атты жауынгердің бейнесі – батырлар заманының ең танымал эмблемасы. Осы қазақ жерінде өмір сүрген түркі тілдес тайпалар ойлап тапқан қылыш, айбалта, найза – технологиялық жаналық болып табылады. Еліміз сан алуан металл кендеріне бай. Ата- бабаларымыз берік металдар өндіру ісін дамытып, олардың жедел технологиялық ілгерілеуіне жол ашты. Алтын мұрасының жарқын көрінісі, көркем болмысы мен рухани байлығының айшықты белгісі – «Аң стилі» өнері. Егемен Қазақстанның символдарының бірі – жергілікті жануарлар әлемінде сирек кездесетін тұрпаты текті қар барысы екені кездейсоқ емес. 1969 жылы Есік қорғанынан табылған «Алтын адам» халқымыздың алтын өңдеу техникасын жақсы меңгергенін көрсететін бірден-бір дәлел. Үлкен Еуразияның Шығысы мен Батысын, Солтүстігі мен Оңтүстігін байланыстырушы желісі – «Ұлы Жібек жолы.»

Ауыл туралы ән.(көрініс: кемпір ұршық иіріп отырса, сахнада ер тоқым, ат-әбзел жабдықтары тұрады )

**Немересі :** Ата сіз не істеп отырсыз?

**Атасы.** Балам мен ат-әбзелдерін дайындап жатырмын. Көптен бері атқа мінбегесін тозыңқырап қалыпты. Бұл ер тоқым атқа міну үшін қажет. Атқа міну баланың денесін шынықтыратын жаттығудың түрі. пайғамбарымызда атқа мініп шабуды балаға үйреткен, оны күнделікті жаттығу ретінде қолданған.

Балам, атқа міну бір жағынан көңіл күйінді көтеретін болса, екінші жағынан денсаулыққа да пайдалы.

Сахнаға бір бала шығады. Ата бірсүгіні атақты күйшіміз Құрманғазы Сағырбайұлының ..... жылдығы тойланайын деп жатыр. Осыған орай ауылымызда үлкен атжарыс болады.

**Атасы:** Балам олай болса, біздікі не тұрыс ..... атжарысқа дайындалайық. Менің досым Темірғали ұстаға барып ер-тоқымыды сәндеп қайтайық.

**(Музыка, бәйге)**

Ұстаға келеді.

**Атасы:** Ассалаумағалейкум Темірғали!

**Баласы:** Ассалаумағалейкум ата!

**Атасы:** Менің мына ер-тоқымыма бар өнеріңді салып сәндеп бер.

**Ұста:** Мақұл замандас. Сенің бір ауыз сөзің гой!

**(Қылышта аң стилі бейнеленген)**

**Баласы:** Ата қараңызшы мына қылышта бейнеленген сурет өте керемет екен.

**Ұста:** Ия, балам, бұл «аң стилі» белгісіндегі өрнек қой. Ерте заманнан «аң стилі» белгілі бір діни наным-сенімге байланысты ұғымды білдіреді.

Жыртқыш жануарлар мен құстардың бейнелері қару-жарақтарға немесе атқа ерекше күш беретін тұмар ретінде қолданады.

**Атасы:** Ия, дұрыс айтасың замандас.

**Ұста:** мынау менің ұсталығымды жалғастыратын ізбасарым. Өзімнің бойымдағы барлық білетін өнерімді осы балама үйретіп жатырмын.

**Ұстаның баласы:** Әке біз өткенде тарих сабағында Есік қорғанынан табылған «Алтын адам» туралы өттік. Ол Алтын адамды тапқан археолог Кемел Ақышев екен. Сіздер айытып жатқан аң стилінде бейнеленген әшекейлер барыс, бұлан, таутеке, арқар, ат, түрлі құс бейнелерін беретін хайуанат нақышында жасалған екен. Ғалымдардың айтуы бойынша Алтын адам Жетісу жерін мекендеген сақтардың көрнекті елбасының ұлы немесе жас көсем, әскер басы болғандығын көрсетеді.

**Ұста:** Ия, балам, тарих ол біздің өткеніміз. Өткенін ұмытпағанның болашағы жарқын болады. Алтын адам туралы көп мәлімет біледі екенсің жарайсың балам.

**Ұста:** (ер тоқым айналасына сарыдан қиып жабыстырып береді)

Міне ер-тоқымың дайын. Бірсүгіні болатын атжарыстан балаң алдыңғы орын алсын.

**Ата:** Рахмет замандас. Айтқаның келсін! Балам биыл «Туған жерге тағызым» бағдарламасы бойынша біздің ауылымызда көркейіп, гүлденіп жатыр. Оның дәлелі елбасымыздың «100 мектеп, 100 аурухана» бағдарламасы бойынша жүзеге асырылған өзіміздің мектебімізді айтсақ болады.

**Жас маман:**

**Ұстаз:** Саламатсыз ба ата! Ата хал-жағдайыңыз қалай?

**Атасы:** Балам сені танымадым гой.

**Ұстаз:** Ата мен осы ауылға «Дипломмен ауылға» бағдарламасы бойынша жұмысқа тұрған жас маманмын.

**Атасы:** Бәрекелді балам! Өркенің өссін!

**Немересі:** Ата мына жерге өте ұзын жол салынған екен?

**Ұстаз:** Ата бұл сұрағыңызға мен жауап берейін. Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың саясатының арқасында Ұлы Жібек жолын қайта жаңғырту мақсатында Батыс Қытай – Батыс Еуропа жолы салынды. Осы жол арқылы қант, жүзім, шабдалы, қауын сияқты өсімдіктер мен азық-түлік түрлері де саудаланған. Ортағасырлық Шығыстың ұлы ақыны Фирдауси Ұлы Жібек жолын, -

Сансыз қымбат жүк тиеген,  
Мындаған алып түйелер  
Жүз сары нарға дирхем артса,  
Қырық нарға динар жегілген.  
Ең керемет мускус пен ал  
Ғажап жібек маталарды  
Иран мен Мысыр керуені артқан  
Тағы бар отыз түйесі, - деп тамаша бейнелеген.

**М.Жұмабаевтың «Түркістан» өлеңі**

**Атасы:** Рахмет. Қызым. Ұлы Жібек жолы туралы көп мәлімет біледі екенсің зейінің өссін!

**Ұстаз:** Рахмет ата! Сау болыңыз!

**Немересі:** Ата, ата алама жегім келіп тұр. Алмам алып беріңізші.

**Атасы:** Ал балам алмаң қаншадан?

**Сатушы:** Ата сізге 200 ден берейін.

**Атасы:** (Алманы иіскеп) Ой жарықтық мына алманың иісін ай Алматының апортынан кем түспейді.

**Гүл сатушы:** Ата амансыз ба? Үйдегі апама мына қызғалдақтарды ала барыңызшы!

**Атасы:** Ия, балам

Көріністен кейін оқушылар өздерінің жобаларын қорғауының басталуы  
«Ұлы даланың жеті қыры» жоба

1. 6«А» сынып

2. 7«А» сынып «Аң стилі»

3. 8«А» сынып «Атқа міну»

4. 8«Б» сынып «Алтын адам»

5. 9«А» сынып «Қазақстан- алма мен қызғалдақтың отаны.»

**Қорытынды:**

«Рухани жаңғыру» жалпыұлттық бағдарламасының жаңа компоненттері ата-бабаларымыздың көп ғасырлық мұрасының цифрлық өркениет жағдайында түсінікті әрі сұранысқа ие болуын қамтамасыз ете отырып, оны жаңғыртуға мүмкіндік береді.

Төл тарихын білетін, бағалайтын және мақтан ететін халықтың болашағы зор болады деп сенемін. Өйткені мақтан тұтып, бүгінін нақты бағалай білу және болашаққа оң көзқарас таныту – еліміздің табысты болуының кепілі дегеніміз осы.

Соңында: Қазақстаным алға өлеңі. (Шар, гүл)

